



## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 585 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгеріс пен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2009 жылғы 27 сәуірдегі  
N 585 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгеріс пен толықтырулар

1. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 28 қаулысымен.

2. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.10.2019 № 798 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынға жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж, N 12, 140-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынға жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

2-тармақтың реттік нөмірі 357-жолының 3-бағаны "СІМ," деген аббревиатурадан кейін "Сырбар" СБҚ" (келісім бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;

ескертпенің 7) тармақшасы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Сырбар" СБҚ" - "Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі".

4. "2009-2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 қазандағы N 916 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген 2009-2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 81-жолдың 4-бағаны "ҰҚК," деген аббревиатурадан кейін "Сырбар" СБҚ" (келісім бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;

Ескертпе мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Сырбар" СБҚ" - "Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі".